

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**








Бекітемін

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті» КЕ АҚ
Баскарма Төрағасы – Ректор м.а
Т. Балықбаев**

2020ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

ИНСТИТУТ ДИРЕКТОРЫ

Көшірме	Код	Басылым	Дайындалды	Келісілді
	ЛН ҚазҰПУ 10-08	Үшінші	Абай М.  Жанбеков Х.Н.  Махамбетова С.К. 	Сәтмұрзаев А.А.  Сахиев С.К.  Сапаров Б.Ж.  Оразғали Ә.Д.  Норма бақылау Жанбаева Л.А. 

Алматы, 2020

	Абай атындағы ҚазҰПУ Институт директорының лауазымдық нұсқаулығы	Күні: 09.11.2020ж. ЛН ҚАЗҰПУ 10-08	Басылым: Үшінші Беті 2, барлығы 6
--	---	---------------------------------------	--------------------------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Лауазымдық нұсқау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Занына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандығы «Ғылым туралы» Занына, университеттің Жарғысына және нормативтік актілеріне сәйкес дайындалды және бекітілді.

1.2. Осы Лауазымдық нұсқау, еңбек заңнамасы нормалары және университеттің актілері негізінде, институт директорының лауазымдық міндеттерін қамтиды. Институт директорының құқықтары, сонымен қатар, оның құқықтық жауапкершілігінің шегі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, университеттің актілерімен, ұжымдық шартпен және еңбек шартымен айқындалады.

1.3. Институт директоры өз қызметінде университет ректорына, проректорларына, департамент директорларына қарасты.

1.4. Институт директоры лауазымына тағайындау Оқу ісі жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша, университет ректоры бүйректерінде жүзеге асырылады. Институт директоры лауазымына тағайындау мерзімі, еңбек шарты негізінде, университет ректорының бүйректерімен айқындалады.

1.5. Институт директорының өкілеттілігі, осы лауазымдық нұсқаумен қатар, еңбек заңнамасымен, білім және ғылым туралы заңнамамен, университеттің жарғысымен және университеттің нормативтік актілерімен, еңбек шартымен айқындалады.

1.6. Тараптардың келісімі және университет ректорының актілері негізінде, лауазымдық өкілеттілігі шегінде, университеттің жарғылық міндеттерін іске асыру мақсатында институт директорына басқа да міндеттер жүктелуі мүмкін.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАР

2.1. **Біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі және білім беру ұйымдарында басшылық қызметте кемінде 5 жыл еңбек өтілі, білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курсарынан өткендігі туралы сертификатының (куәлігінің) болуы тиіс.

2.2. **Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы»; 2011 жылғы 18 ақпандығы «Ғылым туралы»; 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»; 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Зандарын және басқа да білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын

	Абай атындағы ҚазҰПУ Институт директорының лауазымдық нұсқаулығы	Күні: 09.11.2020ж. ЛН ҚАЗҰПУ 10-08	Басылым: Үшінші Беті 3, барлығы 6
--	---	---------------------------------------	--------------------------------------

және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі нысандары мен әдістерін; экономика негіздерін, еңбек заңнамасын; еңбек қауісіздігі және еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын білуге тиіс.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Институттың даму стратегиясын әзірлейді, жұмыс берушілермен, білімді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды дамытады.
- 3.2. Институттың мамандар дайындау бағыттары бойынша білім беру қызметінің нарығын зерделейді.
- 3.3. Институттың оқу, тәрбие, ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды.
- 3.4. Кәсіптік білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, пәндердің оқу бағдарламаларының жасалуына және практикада қолданылуына байланысты жұмыстарды басқарады.
- 3.5. Оқу-тәрбие үдерісіне қатысты ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады.
- 3.6. Институт деңгейінде мамандар дайындау сапасының жүйесін жасайды.
- 3.7. Кафедра менгерушілеріне, ұжымға, институт студенттеріне қатысты әкімшілік басшылықты жүзеге асырады. Өз өкілеттілігіне қатысты: студенттермен зерттелетін пәндерге қатысты жұмыс оқу бағдарламаларын және силлабустарын; элективтік пәндердің каталогын; студенттердің жеке оқу жоспарларын бекітеді.
- 3.8. Кәсіби бағдар беру және оқытушылық, ғылыми, оқу – әдістемелік кадрларды іріктеу және олар туралы ұсынысты бірінші проректорға, ректорға беру жұмыстарын жүргізеді.
- 3.9. Студенттерді кәсіби дайындау жұмысына басшылық етеді.
- 3.10. Оқу сабактарының, емтихандардың, сынақтардың кестелерін жасауды ұйымдастырады және олардың орындалуына бақылау жасайды.
- 3.11. Оқу үдерісінің, оқу практикумдары мен кәсіби практикалардың ұйымдастыруын бақылайды және реттейді.
- 3.12. Студенттердің өзіндік жұмыстарының, оның ішінде оқытушының басшылығымен өтетін студенттердің өзіндік жұмыстарының, студенттердің жеке оқу жоспарларының орындалуын бақылауды ұйымдастырады.
- 3.13. Студенттерді курстан курсқа көшіруге ұсыныс дайындайды. Емтихан сессияларына жіберуге рұқсат береді.
- 3.14. Ішкі нормативтік актілер негізінде емтихандарды мерзімінен бұрын тапсыруға, қайта тапсыруға рұқсат береді.
- 3.15. Қажет жағдайда емтихандар мен сынактарды қабылдау комиссиясын құрады.
- 3.16. Ішкі нормативтік актілер негізінде студенттерге мемлекеттік емтихандар тапсыруға, диплом жұмысын (жобасын) қорғауға рұқсат береді.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 09.11.2020ж.	Басылым: Үшінші
	Институт директорының лауазымдық нұсқаулығы	ЛН ҚАЗҰПУ 10-08	Беті 4, барлығы 6

3.17. Бітірушілерді қорытынды атtestаттаудан өткізетін институттың мемлекеттік атtestаттау комиссиясының, сондай-ақ, институттың қабылдау комиссиясының құрамына кіреді.

3.18. Студенттерді оқуға қабылдауга, оқудан шығаруға, қайта қабылдауга ұсыныс береді.

3.19. Білім беру үйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесіне сәйкес институт студенттеріне стипендия тағайындауға ұсыныс дайындаиды.

3.20. Кафедраларда, зертханаларда, студенттердің ғылыми үйірмелерінде, студенттердің ғылыми қоғамдарында өткізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

3.21. Институт бітірушілерімен байланысты, институтты бітіретін мамандарды даярлау сапасын зерделеуді жүзеге асырады.

3.22. Институт бітірушілерін жұмысқа орналастыру жұмыстарына басшылық жасайды.

3.23. Білім берудің жаңа технологияларын оку үдерісіне енгізуіді және студенттердің білімін бақылауды жүзеге асырады.

3.24. Оқыту үдерісіне оку ұзақтығы әртүрлі және белсенді оку бағдарламаларына негізделген, сараланған және жеке дайындық түрлерін енгізуіді қамтамасыз етеді.

3.25. Институт құрамына кіретін оку және ғылыми құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді.

3.26. Институттың кадрлар саясатын айқындаиды.

3.27. Кафедра менгерушілерімен бірлесіп, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерді және көмекші оку мамандарын іріктеуді жүзеге асырады. Ректорға директордың орынбасарлығына кандидатураларды тағайындауға ұсыныс жасайды және олардың міндеттерін өзара бөлісуге жәрдемдеседі.

3.28. Кафедрааралық оку-әдістемелік жиындарды, семинарларды, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жиналыстар мен конференцияларды ұйымдастырады және өткізеді.

3.29. Университеттің халықаралық оку және ғылыми жұмыстарын ұйымдастырады, олардың өткізілуіне бақылау жасайды және қатысады.

3.30. Институттың ғылыми кеңесінің жұмысына басшылық жасайды.

3.31. Институт жұмысы жоспарының жобасын дайындаиды, институттың ғылыми кеңесі мәжілісіне шығарылатын сұрақтарды дайындауға басшылық жасайды және оның жұмысына төрағалық етеді.

3.32. Институт мамандықтары бойынша білім беру саласында жұмыс істеп жүрген жоғары білімді мамандардың біліктілігін арттыру курсарын ұйымдастырады.

3.33. Институт құрамына кіретін кафедралардың пәндері бойынша окулықтардың, оку құралдарының, оку-әдістемелік құралдарының дайындалуына жалпы басшылық жасайды.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 09.11.2020ж.	Басылым: Үшінші
	Институт директорының лауазымдық нұсқаулығы	ЛН ҚАЗҰПУ 10-08	Беті 5, барлығы 6

3.34. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша өзінің жұмыстары туралы институттың Ғылыми кеңесінде, сонымен бірге, Университеттің Ғылыми кеңесінде есеп береді.

3.35. Кафедралардың ғылыми-әдістемелік бағытында басқа институттардың құрылымдық бөлімшелерімен, оқу мекемелерімен, кәсіпорындармен, ұйымдармен байланыста жұмыс істеуін ұйымдастырады.

3.36. Бір бағытта кәсіптенген білім беру ұйымдарымен, мекемелерімен студенттердің білім алу мазмұнын, технологиясын және оқыту түрлерін жетілдіру мақсатында байланыс орнатуын қамтамасыз етеді.

3.37. Оқу үдерісіне қатысты техникалық құралдарды пайдалана отырып, білім беруге инновациялық оқыту технологияларын енгізеді және оны ұйымдастырады.

3.38. Институттың материалдық-техникалық базасын нығайтуға және дамытуға байланысты жұмыстарды жүргізеді.

3.39. Оқу үдерісін жетілдіруге және мамандар даярлау сапасын арттыруға байланысты мәселелерді институттың Ғылыми кеңесіне шығарады.

3.40. Институт студенттері мен кафедралардың оқытушыларының енбегін қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды.

3.41. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі туралы нормативтердің сақталуын және орындалуын қамтамасыз етеді.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Институттың педагогикалық және басқа да қызметкерлерінің Ішкі тәртіп ережелерінің нормаларын сақтауларын, білім алушылардың Академиялық саясат нормаларын сақтауларын талап етуге құқылы.

4.2. Институттың педагогикалық және басқа да қызметкерлерін, білім алушыларын марапаттау үшін университет басшылығына ұсынысы енгізуге құқылы.

4.3. Институттың педагогикалық және басқа да қызметкерлеріне, білім алушыларына тәртіптік шара қолдану үшін университет басшылығына ұсыныс енгізуге құқылы.

4.4. Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен арақатынаста Институт атынан өкілеттік етуге құқылы.

4.5. Университет басшылығына оқу үдерісін жетілдіруге, институт қызметін жақсартуға байланысты ұсыныстар енгізуге құқылы.

4.6. Институт қызметіне қатысты құжаттардың жобаларын дайындау үдерісіне қатысуға құқылы.

4.7. Өзінің қызметіне қатысты университет басшылығының шешімдерімен танысуға құқылы.

4.8. Университеттің, институттың алқалы оғандарына мүшелерді сайлауға, мүшелікке сайлануға құқылы.

4.9. Өз өкілеттілігі шегінде құжаттарға қол қоюға құқылы.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 09.11.2020ж.	Басылым: Үшінші
	Институт директорының лауазымдық нұсқаулығы	ЛН ҚАЗҰПУ 10-08	Беті 6, барлығы 6

4.10. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалған басқа да құқықтарға ие.

5. ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

5.1. Осы Лауазымдық нұсқаулықпен және ішкі нормативтік актілермен айқындалған лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісті тәртіпте орындағаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен айқындалған тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

5.2. Қызмет барысында жұмыс берушіге материалдық зиян келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес жауапкершілікте болады.

5.3. Қызмет барысында құқықбұзушылыққа орын берген жағдайда Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің нормаларына сәйкес әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.